

Көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған орындарды анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 92 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 сәуірде № 3915 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 271 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 02.09.2019 № 271 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы са қ т а л ғ а н .

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8, 27-баптарына, "Ішкі сауда ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі № 371 қаулысымен бекітілген Ішкі сауда ережесінің 120-тармағына сәйкес Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Косымшаға сәйкес көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар а н ы қ т а л с ы н .

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі

А.Токтаров

Шемонаиха ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "31" наурыздағы
№ 92 қаулысына қосымша

Көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған орындар

№ р/с	Әкімшілік-аумақтық бірліктерінің атауы	Орналасқан орны
1	Шемонаиха қаласы	1. "Восточный" дүкені аумағы мен 4 ықшам ауданы, 10-үй мекенжайындағы а л а ң ; 2. "Шемонаиха қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында орналасқан алаң.

2	Усть-Таловка кенті	Усть-Таловка кенті, Вокзальный-Школьный көшелері қилысында ("Горняк" клуб ғимараты маңындағы алаң).
3	Первомайский кенті	1. Өскемен-Шемонаиха тас жолы Первомайский кентінен шығу жолында Шемонаиха қаласынан сол жағына қарай; 2. Автобекет ғимаратына қарама қарсы (25 метр), жол жиегінің жаны.
4	Вавилон ауылдық округі	1. Камышинка ауылы, Советский көшесінің шығыс жағы "Вавилон ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарсы алаң; 2. Сугатовка ауылы, Восточный к-сі 1, оңтүстік жағы, "Вавилон ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарсы алаң; 3. Пруггерова ауылы, Школьный к-сі, шығыс жағы – Идрисов жеке кәсіпкер "Достық" дүкеніне қарсы алаң.
5	Верх-Уба ауылдық округі	Верх-Уба ауылы, Мир к-сі 5, Ұлы Отан соғысында қайтыс болған жауынгерлер ескерткішінің 50 метр батысындағы орталық алаң ауданы.
6	Волчанка ауылдық округі	1. Волчанка ауылы, Победа көшесі, 12, "Волчанка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының маңындағы телім; 2. Большая Речка ауылы, негізгі тас жолы арақшықтығында және Октябрьский, Колхозный көшелері маңында орналасқан жер телімі.
7	Выдриха ауылдық округі	1. Выдриха ауылы, Центральный к-сі, 92, "Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының маңындағы жер телімі; 2. Межовка ауылы, Школьный к-сі, 5, "Андронов" жеке кәсіпкер дүкені маңындағы жер телімі.
8	Зевакино ауылдық округі	1. Зевакино ауылы, Строительный к-сі, 6 ("Зевакино ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының маңындағы алаң); 2. Убинка ауылы, Ленин к-сі, 25 ("ВК Житница" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әкімшілік ғимаратынан 30 метр солтүстігінде).
9	Каменев ауылдық округі	1. Рассыпное ауылы, Казахстанский к-сі, "Валерия" дүкенінің маңындағы аумақ; 2. Рулиха ауылы, Центральный к-сі, "Лидер" дүкенінің маңындағы аумақ.
10	Разин ауылдық округі	Красная Шемонаиха ауылы, Кооперативный к-сі, "Белокаменское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің асхана ғимаратының алдында.
11	Октябрь ауылдық округі	Октябрьское ауылы, Зубко к-сі, 1, "Шемонаихинское" шаруа қожалығының асхана маңындағы аумақ.